



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сыр өңіріне арнайы келген «Саутс-Ойл» компаниясының президенті Серікжан Сейітжановпен Қызылорда қаласының сол жағалауынан 650 орындық музыкалық колледж ғимаратын салу жобасы бойынша ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды. Колледж жанынан жатақханасы да салынады. Жалпы құны 4 млрд. 800 млн. теңге болатын нысан аймақтың 85 жылдығына тарту болмақ.

ҚЫЗЫЛОРДАДА МУЗЫКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖ САЛЫНАДЫ

Аймақ басшысы колледждің жаңа ғимаратын салуға ниет білдірген компания басшысына облыс халқының атынан ризашылығын білдірді.

Оқу орнының қазіргі ғимараты 1983 жылы салынған. Әбден тозығы жеткен, қазіргі заман талаптарына сай келмейді. Бұл мәселені өнерпаздар да көптен бері көтеріп келеді. Ескірген ғимарат небәрі 350 орындық, ал колледжде оқитындар саны, жастардың музыкалық білім алуға үлкен сұранысы жыл сайын артауда. Оған қоса, биыл Сыр өңірінде облыстық филармония жанынан тұңғыш рет симфония оркестрі құрылды. Оркестр құрамына ішекті, үрмелі және үрмалы аспапты иегерген 30 кәсіби музыкант қабылданып, ұжым 30-ден аса маманнан жасақталды. Жаңа ғимаратта симфония оркестрі шығармашылығын шырдап, үлкен концерттерге дайындық жүргізеді. Осындай жаңа орталықтар өңір халқына арналған ізгі істердің ордасы болатыны сөзсіз, – деді аймақ басшысы.

«Саутс-Ойл» компаниясының президенті Серікжан Сейітжанов қызылордалықтарды облыс

мерейтойымен құттықтады. Жиында Қызылорда облысының әкімдігі және «Саутс-Ойл» компаниясы арасында ынтымақтастық туралы екіжақты келісімге қол қою рәсімі өтті. Айта кетейік, «Саутс-Ойл» компаниясы осы уақытқа дейін де Қызылорда қаласында 1,9 млрд теңгеге «Нұрсәт» спорт кешенін, Аралдағы Қамыстыбас көлінің жағасына балалардың оқу-сауықтыру орталығын өз қаражаты есебінен салған. Келісімге қол қою рәсімінде мемлекет және қоғам қайраткерлері Мұрат Бақтиярұлы, Ибрагим Әбibuллаев, Қылышбай Бисенов, музыкалық колледждің бұрынғы директоры Кеулімжай Ботабаев жерлері жана ғимараттың бастамасымен құттықтады. Іс-шара соңында облыс әкімі мен компания басшысы жуырда ашылған «Неке сарайы» мен «Анаға тағзым» орталығының жұмысымен танысты.

Еске салсақ, «Туған жерді бірге түлетейік!» атты Президент үндеуін қолдаған жергілікті кәсіпкерлер, облыстан шыққан меценаттар қайырымдылық шараларына, туған жерді көркейтуге белсенді атсалысуда.

ӘЙЕЛДЕР КӘСІПКЕРЛІГІ КОМИТЕТІ ҚҰРЫЛДЫ

«Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасында Әйелдер кәсіпкерлігі комитеті құрылды, деп хабарлайды ҰКП баспасөз қызметі.

Қазіргі таңда «Атамекен» құрамында 18 комитет бар. «Комитет Қазақстанда әйелдер кәсіпкерлігін дамыту үшін қажетті шаралар кешенін әзірлеу, сараптамалық бағалау және ілгерілету, әйелдер кәсіпкерлігі мәселелері бойынша мемлекеттік және қоғамдық құрылымдардың өзара іс-қимылын үйлестіру мақсатында құрылды», – дейді «Атамекен» басқарушы

директоры Айдана Тоғызбаева. Палатаның құрылымдық бөлімшесі – жұмыспен қамту және шағын және әйелдер кәсіпкерлігін дамыту департаменті жана комитеттің жұмыс органы болды. Хабарламада аталып өткендей, бүгінде Ұлттық палата жанындағы Іскер әйелдер кеңесінде 2 мыңға жуық кәсіпкер әйел бар.

КҮНІНЕ 1000 ДАНА САБЫН ШЫҒАРАДЫ

Жаңақорған ауданының тұрғыны Әділет Әдірбек 4 жыл бұрын кір сабын шығаратын шағын кәсіп бастаған. Мемлекеттік бағдарлама аясында қолдау алып ол бүгінде өз кәсібін дөңселетіп отыр. Қазір Әділеттің шағын цехы бір күнде орта есеппен 1000 дана сабын шығаруға қауқарлы.

«Кәсіп бастау жайлы ұсыныс ағаннан болды. Бизнес жайлы көп ойландық. Бизнес түрлерін интернет желісінен карап көрдік. Нәтижесінде, неге сабын шығару бизнесін қолға алмасқа деген ой келді. Сабын жасау техникасын Жетісай қаласына арнайы барып үйреніп келдік. Қазір тек қана кір сабын шығарып

жатқанымызбен, болашақта бұл кәсіпті кеңейткіміз келеді. Дәл осы кір сабынның ұнтақ түрін, бірнеше нис сабын, түрлі сусабын шығару ойда бар», – деді кәсіпкер.

Қазіргі таңда цехта 3 адам жұмыс істейді. Сабын бағасы 130-200 теңгеден сатылады. Кір сабын жасау үшін тоң май мен сода керек екен. Бастысы – табиғи таза өнім, сапасы жоғары.

Кәсіпкердің айтуынша, сұраныс негізінен Жаңақорған ауданының тұрғындары арасында, бірақ болашақта қосымша жұмыс орындарын ашып, еліміздің басқа да өңірлеріне өнімдерді тасымалдағысы келеді.

ОБЛЫСТЫҚ АЗАМАТТЫҚ ФОРУМ ӨТТІ



Қазақстанның XI Азаматтық форумы қарсаңында Қызылорда қаласында «Азаматтық қоғам және мәдениет: Қазақстанның жанаруы бағытындағы құндылықтар мен басым бағыттар» атты өңірлік форум өтті.

Форумға Парламент Сенатының депутаты Руслан Рүстемов, Мәдениет және ақпарат министрлігінің өкілі, облыстық мәслихат депутаты, басқа өңірлердегі, өз аймағымыздағы азаматтық қоғам ұйымдарының жетекшілері, зиялы қауым, жастар, мәдениет саласының мамандары мен арнайы Қазақстанның Азаматтық альянсы президенті

Бану Нұрғазиева қатысты.

Іс-шарада сөз сөйлеген облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев өңірдегі ауқымды жобалар туралы баяндап, ҰЕҰ-нің аймақтық қоғамдық өміріндегі маңызды ролін атап өтті.

«Тәуелсіз еліміздің тарихында демократиялық құндылықтар мен азаматтық бастамаларды дамытуда, реформаларды

жүзеге асыруда, мемлекеттік органдармен байланыс орнатып ел мүддесі жолында қызмет етуде Азаматтық альянстың алар орны ерекше. Аймағымыздың Азаматтық альянсын басқарған Дариха Ақмағамбетқызы, Әлима Жақыпқызы үкіметтік емес ұйымдарды біріктіре отырып, өңірімізде азаматтық қоғамның дамуына елеулі үлес қосты. Азаматтық қоғам мен атқарушы билік арасында байланыс орнатып, жарқын істердің үлгісін көрсетті. Бүгінде қауымдастық төрағасы Анар Жарықасынқызы аға бұын салған ізгі жолды жалғастыруда. Альянстың

бастамасымен жыл басынан бері 372 үкіметтік емес ұйымға кеңес беріліп, 37 ауқымды шара өткізілді. Ауылдық үкіметтік емес ұйымдардың форумы өткізіліп, қажеттіліктер қартасты жасақалды. 2020 жылдан бері ҰЕҰ басшыларының әлеуетін арттыруға арналған Жазғы құқықтық мектеп жүйелі түрде ұйымдастырылып келеді», – деді аймақ басшысы.

Іс-шарада Парламент Сенатының депутаты Руслан Рүстемов форум жұмысына сәттілік тілеп, Сыр елінде қолға алынған маңызды жобаларды атап өтті. Сонымен қатар ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Азаматтық қоғам істері комитеті төрағасының орынбасары Гүлбара Сұлтанова, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Алмас Алматов, әлеуметтік жобалардың фандрайзингі саласындағы халықаралық тренер, аға эксперттік сенор Норберт Шгольдт, «Кітап құрттары» қозғалысының лидеры Талғат Меңдібаев өз салалары бойынша мақсат-міндеттері мен алдағы жоспарларын таныстырды.

Жиынды қорытындылаған Қазақстанның Азаматтық альянсы президенті Бану Нұрғазиева өңірде жүзеге асырылған игі бастамаларға қолдау білдіріп, әріптестерінің жұмысына сәттілік тіледі. Сонында түрлі бағыттарда табысты қызмет етіп, өңірдің қоғамдық дамуына белсене атсалысқан азаматтар марапатталды.

Жылу беру маусымы жақындап қалғандықтан тұрмыстағы табиғи газды қауіпсіз пайдалану ережелерін қатаң сақтау өте маңызды. Әсіресе, көпқабатты және жеке тұрғын үйлердегі газ жабдықтарын жиі-жиі тексеріп тұрған абзал. Осыған орай, Қызылорда облысының Өңірлік коммуникациялар қызметінің баспасөз алаңында «ҚазТрансГаз» АҚ Қызылорда өндірістік филиалының жауапты мамандары тұрғындарды сақтық шараларын сақтауға шақырды.

ТАБИҒИ ГАЗДЫ ҚАУІПСІЗ ПАЙДАЛАНУ КЕРЕК

Қазіргі таңда күзгі және қысқы мерзімдегі жылыту маусымына дайындық барысы қызу жүреді. «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалының газ объектілері жылыту маусымына толықтай дайын. Сондай-ақ, газ жабдықтарын қауіпсіз пайдалану бойынша тұрғындарға түсіндірме жұмыстары жүргізілуде, – деді «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ өндірістік филиалы техникалық-өндірістік бөлімінің басшысы Ислам Бектұрғанов.

Айта кету керек, газдың иісі шыққанда бірден 104 нөміріне қоңырау шалыңыз. Балаларды газ жабдықтарына жолатпау қажетінде ескеру керек.

Табиғи газды қолданудың ережелерін қатаң сақтауға шақырамыз. Ең бастысы, ешқашан қараусыз қалдырмаңыздар. Түтін шығатын құбырлардың тартуын үнемі тексеріп, қосылу газ жабдығын қараусыз қалдырмауды сұраймыз. Газ аспаптарын өзіндік жөндеуге болмайды. Арнайы мамандарға жүгінген жөн. Бұған қоса, қыс мезгілінде үйді жылыту үшін газ плиталарын пайдаланып жатады. Бұл да үлкен қауіпті. Сонымен қатар, су жылытатын газ жабдығын жуынатын бөлмеге орнатуға болмайды

және қолдан жасалған пештерді пайдалануға тыйым салынады, – деді «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалының апатты-диспетчерлік қызметінің басшысы Базарбек Ерімбетов.

Аймақта өрт оқиғалары өткен жылмен салыстырғанда 7,4 пайызға азайған. Дегенмен, төтенше жағдайлар департаментінің мамандары өрттің алдын алу және жылу беру маусымына дайындық барысын күнделікті қадағалап, рейдтік іс-шараларды өткізуде.

Жылу беру маусымына дайындық кезеңі басталып жатқандықтан облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасымен бірге облыс бойынша әлеуметтік аз қамтылған, көпбалалы және мүгедектігі бар 8 243 тұрғын үй тізімі нақтыланды. Олардың ішінде әлеуметтік аз қамтылған 7 250 отбасыға көмірқышқыл газын анықтайтын дағчик орнатылды. Бұдан бөлек, газ жабдықтарын қауіпсіз пайдалану бойынша тұрғындарға күнделікті түсіндірме жұмыстары жүргізілуде, – деді Облыстық ТЖД мемлекеттік өрт бақылау басқармасының басшысы Асхат Оразбеков.



2024 жылдың I жартыжылдығына баспасөзге жазылу науқаны басталды.

«El Tilegi» газеті, «Жарасымды жануя» журналы, «Білімді El – Қазақстан» республикалық журналдары еліміздің барлық өңірлеріндегі оқырмандарын асыға күтеді.

Бұл басылымдар еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Егер газетке жарнама, құттықтау, хабарландыру, еске алу, құжат жоғалту, жеке кәсіпкерлікті тоқтату жайлы хабарлама жариялау қажеттілігі туса, бізге хабарласыңыз! Біздің байланыс телефонымыз: 27-85-75, 87059827661, 87716933181

«El Tilegi» газеті 6 айға – 2500 теңге; Индекс 65007; «Жарасымды жануя» журналы байға – 2850 теңге, Индекс 47023



«МАМАНДЫҒЫМ- БОЛАШАҒЫМ» жобасы іске қосылды

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде «Мамандығым – болашағым» өңірлік жобалық кеңесінің ашылу салтанаты өтті.

«Мамандығым – болашағым» жобасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен қабылданған «Халық табысын арттырудың 2029 жылға дейінгі бағдарламасы» аясында жүзеге асырылуда. Оның негізгі мақсаты – аймақтағы еңбек нарығындағы өзгерістерді болжау және студенттерге ерте кәсіптік бағдар беру. Кеңесінің тәуелсіз Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек жасады.

Министр кәсіптік-техникалық білім беру жүйесін кадр қажеттілігіне неғұрлым нақты бағдарлау үшін жұмыс берушілермен диалогта болып, кадрларға қажеттілікті алдын

ала болжау маңыздылығын атап айтты. Сонымен қатар, жастарды ғылымға баулу, жоғары білімді интернационалдандыру және цифрлық экосистеміне қалыптастыру қажеттілігінің маңыздылығына тоқталды.

«Қазіргі таңда ең үлкен мәселенің бірі – еңбек нарығы мен жоғары кәсіптік білім беру жүйесінің ұштасуы болып тұр. «Жоғары білімді адамдар нәліктен жұмыссыз, білім беру мазмұны жұмыс берушілердің көңілінен неге шықпайды» деген сұрақ бар. Бұл мәселе бойынша бірнеше жыл қатарынан ауқымды жұмыстар атқарылды.

Нәтижесінде, тек салалық атластар емес, өңірлік атластар жасалуы керек екені

белгілі болды. Әр өңірдің өз ерекшелігі бар. Сондықтан 2021 жылы алдымен Павлодарда мамандықтардың өңірлік картасы жасалды. Нәтиже өте жақсы, өңірге қажет ең негізгі 40-қа жуық мамандық анықталды.

Мұнан кейін Маңғыстауда өңірлік атлас жасалып, өңірлік экономиканың талабына сай 39 жаңа мамандық айқындалды. Қазір бұл жұмыстар басқа қалаларда да жалғасуда. Бұл жұмыстар бойынша жобалық офистер – өңірлік жоғары оқу орындары», – деді министр Саясат Нұрбек.

Іс-шараға «Мамандығым – болашағым» бағдарламасы жобалар тобының жетекшісі Самғат Ермекбаев, Қызылорда облысының білім басқармасы басшысының орынбасары Бағдат Бердаулетов, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма төрағасы – Ректоры Бейбітқұл Кәрімова, Жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығының жобалық кеңесінің өкілдері және университеттің оқытушы-профессорлық құрамы қатысты.

Университет ректоры Бейбітқұл Кәрімова жобаның маңыздылығына тоқталып, 2022 жылы Ғылым және жоғары білім министрі С.Нұрбектың қатысуымен Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті және облыстық білім басқармасының ұйымдастыруымен «Мамандығым – болашағым» тақырыбында І облыстық форум өткенін атап өтті.

«Мамандығым – болашағым» жобасы шеңберінде университет қызметкерлері 5 күн бойы интенсивді режимде форсайттық зерттеу әдістемесі бойынша сертификаттау курсынан өтеді.

Тренинг нәтижелері бойынша университет қызметкерлері аймақтық жобалық кеңсе командасына қосылып, Қызылорда облысының кадр қажеттілігінің өңірлік картасын жасауға бағытталған аймақтағы негізгі сала мамандарының қатысуымен форсайттық зерттеу жүргізеді.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің медиа орталығы

Қызылорда мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің 2023 жылдың IV тоқсанына арналған жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау КЕСТЕСІ

Орталық атқарушы органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізген адамның Т.Ә.Ж.	Азаматтарды қабылдауды жүргізген адамның Т.Ә.Ж. лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Қызылорда мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті	Бердібаев Ерлан Құлахметұлы	Құлахметұлы - Департамент басшысы	Сәрсенбі Сағат 16-00 ден 18-00 дейін	Қызылорда қаласы Д.Қонаев көшесі 7А	8724-2-270301
	Омаров Серік Серікбайұлы	Серікбайұлы - Департамент басшысының орынбасары	Сейсенбі Сағат 17-00 ден 18-00 дейін	Қызылорда қаласы Д.Қонаев көшесі 7А	8724-2-270301

Қазақстан Республикасының қолданыстағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» және «Мемлекеттік қызмет туралы» заңдары талаптарының бұзылуына жол бермеу мақсатында Қызылорда мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті 8724-2-270301 сенім телефоны жұмыс істейтіндігін хабарлайды.

«БЕКТЕМІН»

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің Қызылорда облысы бойынша Қазынашылық департаментінің басшысы
Ә.Дүйсенбаев
2023 жыл

2023 жылғы IV тоқсанда Қызылорда облысы бойынша Қазынашылық департаментінің басшыларының азаматтарды қабылдау КЕСТЕСІ

Орталық атқарушы органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізген адамның Т.Ә.Ж.	Азаматтарды қабылдауды жүргізген адамның Т.Ә.Ж., лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органдардың орналасқан жері	Байланыс телефоны
Қызылорда облысы бойынша Қазынашылық департаменті	Дүйсенбаев Әуезбек Сейткамалұлы	Дүйсенбаев Әуезбек Сейткамалұлы басшы	Сәрсенбі Сағат 16 ⁰⁰ -18 ⁰⁰	Қызылорда қаласы Д. Қонаев көшесі, 7А	8724-2-262362
	Ескараев Әділбек Тайжанұлы	Ескараев Әділбек Тайжанұлы басшының орынбасары	Сейсенбі Сағат 16 ⁰⁰ -18 ⁰⁰		8724-2-262140
	Мырза Қанат Әзімханұлы	Мырза Қанат Әзімханұлы басшының орынбасары	Дүйсенбі Сағат 16 ⁰⁰ -18 ⁰⁰		8724-2-274959
	Оспанов Тимур Ермекұлы	Оспанов Тимур Ермекұлы басшының орынбасары	Бейсенбі Сағат 16 ⁰⁰ -18 ⁰⁰		8724-2-262201

Қазақстан Республикасының қолданыстағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» және «Мемлекеттік қызмет туралы» заңдары талаптарының бұзылуына жол бермеу мақсатында Қызылорда облысының Қазынашылық департаменті бойынша: Арал (8724-33)22384, Қазалы (8724-38)22101, Байқоңыр (8336-2)273818, Қармақшы (8724-37)21443, Сырдария (8724-36)21351, Жалағаш (8724-31)31831, Шиеп (8724-32)41067, Жанакорған (8724-35)22083.

Әкімшілік-құқықтық бөлімінің басшысы

Б.Демесінов

2023 жылдың 4-тоқсанына арналған Қызылорда облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті басшысының және департамент басшысы орынбасарларының жеке тұлғалар және заңды тұлғалар өкілдерін қабылдау кестесі

р/с	Аты-жөні, тегі	Лауазымы	Байланыс телефоны	Қабылдау күні мен уақыты
1	Күзембаев Ербол Қабағтайұлы	Департамент басшысы	23-38-09	әр аптаның сәрсенбісі, сағат 15.00-16.00-ге дейін
2	Умербаева Майрамқұл Ахатовна	Департамент басшысының орынбасары	23-37-35	әр аптаның жұмасы, сағат 16.00-17.00-ге дейін
3	Әбенов Талғат Оразбекұлы	Департамент басшысының орынбасары	20-22-20	әр аптаныңбейсенбісі, сағат 16.00-17.00-ге дейін

Мекен-жайы: 120000, Қызылорда қаласы, Жалаңтөс Баһадүр көшесі, 2. Байланыс тел.: 8 (7242) 23-38-09.
E-mail: fink.kyzyl@mail.gov.kz

Вашингтонда қазақ тілі клубы ашылды



Қазақстан Республикасының Вашингтондағы Елшілігі АҚШ-тағы балаларға қазақ тілін үйрету үшін волонтерлік негізде жұмыс істейтін «Қазақша сөйлеу клубын» («Kazakh speaking club») ашқан.

Қазақ тілін үйрету сабақтарының ерекшелігі – балаларға түрлі көрнекіліктер көрсетіп, қызықты ойындар ойнату арқылы оқыту

әдісінде. Ұйымдастырушылар клубтың мақсаты жай тіл үйрену сабақтарын өткізуден алдыда ауқымдырақ екенін айтады.

Негізгі идея – балаларға ана тілі арқылы қазақ мәдениетін менгеру алаңын қалыптастыру. Бұдан өзге, клуб қазақ диаспорасы мен олардың балаларын танысуға, өзара қарым-қатынас жасап, бірігуге

ықпал етеді. Жасалатын тілдік орта балаларға қазақ тілінде, оның ішінде күнделікті өмірде өзара қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді.

Клубтың әр кездесуі салт-дәстүр, музыка, өнер сынды түрлі тақырыпта өтеді. Сабақ қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жүргізіледі. Себебі балалардың барлығы қазақ тілінде сөйлей бермейді, ал кейбіреулеріне ағылшын тіліндегі тапсырмалардың шарттарын түсіну оңайырақ. Бір айта кетерлігі – Америкада дүниеге келген сәбилер өте көп.

Клубқа келу олардың қазақ мәдениетін бойларына сіңіріп, ана тілін базалық деңгейде меңгерулеріне мүмкіндік береді. Сабаққа жүйелі түрде келіп жүрген балалар ҚР Мемлекеттік Әнұранының мәтінін жаттап алды

АБАТТАНҒАН «ШЫҒЫС» КАНАЛЫ МЕРЕЙТОЙҒА ТАРТУ ЕТІЛМЕК

Қармақшы ауданының әкімі Жандос Еркінбекұлы жаңа жұмыс аптасын кенттегі құрылыс нысандарын аралаудан бастады.

Ең бірінші аудан басшысы жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқан Жосалы кенті әкімдігіне барып, ғимараттың ішкі жұмыстарымен танысты. Кент бойынша қойылған бейнетаспалардың жұмысын қарап, ауданның 95 жылдығына арналған шаралар өтетін орталық алаңның жай-күйін көрді.

Мұнан соң Жандос Еркінбекұлы Көшербаев көшесін абаттандыру жұмыстары бойынша өткен аптада нысандарды аралағанда берілген тапсырмасы

бойынша орындалу жұмыстарын тексерді. Кент әкіміне әлі де кемшілік тұстарды қалыпқа келтіру туралы тапсырма берді.

Қайта жөндеу жұмыстарын талап етіп тұрған аудандық орталық емханының сыртқы жұмыстарымен танысқан аудан басшысы келесі нысан 50 жалдамалы тұрғын үйлердің аяқталуға жақын құрылысының барысын бағамдап, мердігер мекеме басшыларына 10 қазанға дейін үйлерді кезең-кезеңімен тапсыруды міндеттеді. Сондай-ақ

«Шығыс» каналын абаттандыру жұмыстарының жақсы жүргізіліп жатқанын көрген аудан әкімі бұл жұмыстарды да 95 жылдық мерейтойға тарту етуі тапсырды.

Аудан әкімі есепті кездесулерінде айтып жүрген аудандағы ескі спорт кешенінің бу қазандығын табиғи газге ауыстыру жұмыстарының баяу екендігін ескертіп, сала бойынша орынбасарына қатаң бақылауға алуын талап етті. Быыл жылы жұмыстары қайта жаңғыртудан өткен спорт кешеніне күрделі жөндеу жұмыстары алдағы жылдары жасалатын болады деп күтілуде.

Приложение 1 к Правилам разработки, согласования и государственной регистрации нормативных правовых актов

Пояснительная записка к проекту «Об утверждении Правил расчета норм образования и накопления коммунальных отходов по Мунайлинскому району»

1	Наименование государственного органа-разработчика.	ГУ «Мунайлинский районный жилищно-коммунальное хозяйство, пассажирское отдел транспорта и автомобильных дорог»
2	Основания для принятия проекта нормативного правового акта со ссылкой на соответствующие правовые акты, нормы международных договоров, ратифицированных Республикой Казахстан, решения международных организаций, участницей которых является Республика Казахстан, протокольные и иные поручения Президента, Руководства Администрации Президента, Правительства и Apparата Правительства и/или другие обоснования необходимости его принятия.	Экологический Кодекс Республики Казахстан Приказ Министра экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан от 1 сентября 2021 года № 347 «Об утверждении Правил расчета норм образования и накопления коммунальных отходов»

3	Необходимость финансовых затрат по проекту нормативного правового акта и его финансовая обеспеченность, в том числе источник финансирования, а также в случае необходимости – решение Республиканской бюджетной комиссии (соответствующие расчеты, ссылка на источник финансирования, копия решения Республиканской бюджетной комиссии в обязательном порядке прикладываются к пояснительной записке).	Финансовых затрат не требует.
4	Предполагаемые социально-экономические, правовые и (или) иные последствия в случае принятия проекта нормативного правового акта, а также влияние положений проекта нормативного правового акта на обеспечение национальной безопасности.	Не влечет иных социально-экономических и (или) правовых последствий
5	Конкретные цели и сроки ожидаемых результатов.	Бессрочно.
6	Сведения об актах, принятых ранее по вопросам, рассматриваемым в проекте нормативного правового акта, и результатах их реализации.	Приказ Министра экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан от 1 сентября 2021 года № 347, «Об утверждении Типовых правил расчета норм образования и накопления коммунальных отходов»

7	Необходимость приведения законодательства в соответствие с вносимым проектом нормативного правового акта в случае его принятия (указать требуется ли принятие других правовых актов или внесение изменений и/или дополнений в действующие акты) либо отсутствие такой необходимости.	Необходимости нет.
8	Информация о размещении проекта нормативного правового акта на интернет-ресурсе государственного органа, а также интернет-портале открытых нормативных правовых актов (дата, количество байт).	18.08.2023 ж
9	Информация о размещении пресс-релиза к проекту нормативного правового акта, имеющего социальное значение, на интернет-ресурсах уполномоченных государственных органов.	https://www.gov.kz
10	Соответствие проекта нормативного правового акта международным договорам, ратифицированным Республикой Казахстан, и решениям международных организаций, участницей которых является Республика Казахстан.	Не соответствует.
11	Результаты расчетов, подтверждающих снижение и (или) увеличение затрат субъектов частного предпринимательства в связи с введением в действие проекта нормативного правового акта.	Проект нормативно-правового акта не имеет отношения к субъектам частного предпринимательства.

Руководитель

Байбузов. Б

Нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, келісу және мемлекеттік тіркеу қағидаларына 1-қосымша

Жобаға түсіндірме жазба «Мұнайлы ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеу қағидаларын бекіту туралы»

1	Әзірлеуші мемлекеттік органның атауы.	«Мұнайлы аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-і
2	Тиісті құқықтық актілерге, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың нормаларына, Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық ұйымдардың шешімдеріне, Президенттің, Президент Әкімшілігі, Үкімет және Үкімет Аппараты басшылығының хаттамалық және өзге де тапсырмаларына сілтеме жасай отырып, жобаны қабылдау үшін негіздемелер және/немесе оны қабылдау қажеттігін басқа да негіздемелері.	Қазақстан Республикасының Экология кодексі Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 347 бұйрығы «Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Бұйрық
3	Жоба бойынша қаржы шығындарының қажеттігі және оның қаржылық қамтамасыз етілуі, оның ішінде қаржыландыру көзі, сондай-ақ қажет болған жағдайда Республикалық бюджет комиссиясының шешімі (тиісті есеп-кисаптар, қаржыландыру көзіне сілтеме, Республикалық бюджет комиссиясы шешімінің көшірмесі міндетті түрде түсіндірме жазбаға қоса беріледі).	Қаржы талап етілмейді.
4	Жоба қабылданған жағдайда болжаланатын әлеуметтік-экономикалық, құқықтық және (немесе) өзге салдар, сондай-ақ жоба ережелерінің ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге ықпалы.	әлеуметтік-экономикалық және (немесе) құқықтық өзге де салдарға әкеліп соқпайды.
5	Нақты мақсаттар мен күтілетін нәтижелердің мерзімдері.	Мерзімсіз.
6	Жобала қаралатын мәселелер бойынша Президенттің және/немесе Үкіметтің бұйрық қабылданған актілері және олардың іске асырылу нәтижелері туралы мәліметтер.	Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 347 бұйрығына сәйкес, «Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, нормасын бекіту.
7	Енгізілетін жоба қабылданған жағдайда заңнаманы оған сәйкес келтіру қажеттігі (басқа нормативтік құқықтық актілерді қабылдау немесе қолданыстағы актілерге өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу талап етілетін-етілмейтінін көрсету) не ондай қажеттіліктің болмауы.	Қажеттілік жоқ.
8	Нормативтік құқықтық актінің жобасын мемлекеттік органның интернет-ресурсында, сондай-ақ ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталында орналастыру туралы ақпарат (күні, байт саны)	18.08.2023 ж
9	Әлеуметтік маңызы бар нормативтік құқықтық актінің жобасына түсіндірме жазбаны уәкілетті мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында орналастыру туралы ақпарат.	https://www.gov.kz
10	Нормативтік құқықтық акті жобасының Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға және Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық ұйымдардың шешімдеріне сәйкестігі.	Сәйкестігі жоқ.
11	Нормативтік құқықтық акті жобасының қолданысқа енгізілуіне байланысты жеке кәсіпкерлік субъектілері шығынының азаюын және (немесе) ұлғаюын растайтын есеп-кисаптар нәтижелері.	Нормативтік-құқықтық акті жобасының жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қатысы жоқ.

Бөлім басшысы **Б. Байбұзов**

ЖОБА

Мұнайлы ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Экология кодексінің 365-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасы Экология, Геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 347 бұйрығына сәйкес, Мұнайлы ауданы мәслихаты ШЕШТІ:

1. Мұнайлы ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.
2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы

Аты-жөні

Мұнайлы ауданы мәслихатының 2023жылғы «__» _____ № _____ шешіміне қосымша

Мұнайлы ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Коммуналдық қалдықтардың жылдық шамасы, м³
1.1	Жайлы үйлер	1 тұрғын	2,94
1.2	Жайлы емес үйлер	1 тұрғын	2,36
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	2,2
3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	2,837
4	Балабақшалар, бөбекжай және басқа да мектепке дейінгі мекемелер	1 орын	0,558
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кенселер, банктер, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	1,29
6	Емханалар, медициналық орталықтар	1 келіп кету	0,42
7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1,44
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,861
9	Мейрамханалар, дәмханалар, басқа да көңіл көтеретін ғимараттар және қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	1,76
10	Театрлар, кинотеатрлар, концертзалдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы, интернет-кафелер, компьютерлік клубтар	1 отыратын орын	1,822
11	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м²	-
12	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,34
13	Спорт, би және ойынзалдары	Жалпы алаңы 1 м²	-
14	Азық-түлік және өнеркәсіп-тауар дүкендері, аралас дүкендер	Сауда алаңы 1 м²	0,882
15	Машиналардан сағу	Сауда орнының 1 м²	-
16	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м²	0,97
17	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м²	0,335
18	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м²	-
19	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1 м²	1,752
20	Жағажайлар, жолдардан көше сыпырындысы	Жалпы алаңы 1 м²	-
21	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м²	0,62
22	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, автожанармай бекеті	1 машина-орын	1,9
23	Автокөлік шеберханалары	1 жұмысшы	2,63
24	Гаражкооперативтері, гараждар, паркингтер	1 гаражға	0,335
25	Шапшараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	2,1
26	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м²	1,705
27	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м²	0,29
28	Жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар.)	1 жұмыс орны	2,46
29	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м²	0,714
30	Ауданның аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды, саябақ қалдықтары	1000 қатысушы	-
31	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	-

ПРОЕКТ

Об утверждении норм образования и накопления коммунальных отходов Мунайлинского района

В соответствии со статьей 365, пункта 3, подпункта 2 Экологического кодекса Республики Казахстан, статьей 6 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», в соответствии с приказом Министра Экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан от 1 сентября 2021 года № 347 «Об утверждении типовых правил расчета норм образования и накопления коммунальных отходов» маслихат Мунайлинского района РЕШИЛ:

1. Утвердить нормы образования и накопления коммунальных отходов в Мунайлинском районе согласно приложению к настоящему решению.
2. Настоящее решение вступает в силу через десять календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Должность

Ф.И.О

Приложение к решению маслихата Мунайлинского района от «__» _____ 2023 года № _____

Нормы образования и накопления коммунальных отходов Мунайлинского района

№	Объект накопления коммунальных отходов	Расчетная единица	Среднегодовая норма накопления коммунальных отходов, м³
1.1	Домовладения благоустроенные	1 житель	2,94
1.2	Домовладения неблагоустроенные	1 житель	2,36
2	Общешития, интернаты, детские дома, дома престарелых и другие подобные объекты	1 место	2,2
3	Гостиницы, санатории, дома отдыха	1 место	2,837
4	Детские сады, ясли и другие дошкольные учреждения	1 место	0,558
5	Учреждения, организации, офисы, конторы, банки, отделения связи	1 сотрудник	1,29
6	Поликлиники, медицинские центры	1 посещение	0,42
7	Больницы, прочие лечебно-профилактические учреждения	1 койко-место	1,44

8	Школы и другие учебные заведения	1 учащийся	0,861
9	Рестораны, кафе, прочие увеселительные заведения и учреждения общественного питания	1 посадочное место	1,76
10	Театры, кинотеатры, концертные залы, ночные клубы, казино, залы игровых автоматов, интернет-кафе, компьютерные клубы	1 посадочное место	1,822
11	Музеи, выставки	1 м² общей площади	-
12	Стадионы, спортивные площадки	1 место по проекту	0,34
13	Спортивные, танцевальные и игровые залы	1 м² общей площади	-
14	Продовольственные и промышленно-товарные магазины, смешанные магазины	1 м² торговой площади	0,882
15	Торговля с машин	1 м² торгового места	-
16	Рынки, торговые павильоны, киоски, лотки	1 м² торговой площади	0,97
17	Оптовые базы, склады промышленных, продовольственных товаров	1 м² общей площади	0,335
18	Дома быта: обслуживание населения	1 м² общей площади	-
19	Вокзалы, автовокзалы, аэропорты	1 м² общей площади	1,752
20	Пляжи, уличные сметы с дорог	1 м² общей площади	-
21	Аптеки	1 м² торговой площади	0,62
22	Автостоянки, автомойки, автозаправочная станция	1 машино-место	1,9
23	Автомастерские	1 работник	2,63
24	Гаражные кооперативы, гаражи, паркинги	на 1 гараж	0,335
25	Парикмахерские, косметические салоны	1 рабочее место	2,1
26	Прачечные, химчистки, ремонт бытовой техники, швейные ателье	1 м² общей площади	1,705
27	Мастерские ювелирные, по ремонту обуви, часов	1 м² общей площади	0,29
28	Мелкий ремонт и услуги (изготовление ключей и т.д.)	1 рабочее место	2,46
29	Бани, сауны	1 м² общей площади	0,714
30	Юридические, организующие массовые мероприятия на территории района, парковые отходы	1000 участников	-
31	Садоводческие кооперативы	1 участок	-

Жоба

«Мұнайлы ауданы бойынша 2023-2025 жылдары субсидиялауға жататын әлеуметтік маңызы бар автомобиль қатынастарының тізбесін айқындау туралы»

Қазақстан Республикасының «Автомобиль көлігі туралы» Заңының 14-бабы 1 тармағы 5) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 тамыздағы № 883 «Әлеуметтік маңызы бар жолаушылар тасымалдарын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың шығындарын бюджет қаражаты есебінен субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12353 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, Маңғыстау облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Мұнайлы ауданы бойынша 2023-2025 жылдарда субсидиялауға жататын әлеуметтік маңызы бар автомобиль қатынастарының тізбесі осы шешімнің қосымшасына сәйкес айқындалсын.
2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Маңғыстау облысы мәслихатының 2023 жылғы «__» _____ № _____ шешіміне қосымша

Мұнайлы ауданы бойынша 2023-2025 жылдары субсидиялауға жататын әлеуметтік маңызы бар автомобиль қатынастарының тізбесі

№	Маршрут номері	Маршрут атауы
1	№13А	"Мангыстау-Даулет-Қызылтөбе"

Проект

«Об определении перечней социально значимых автомобильных сообщений по Мунайлинскому району подлежащих субсидированию в 2023-2025 годах»

В соответствии с подпунктом 5) пункта 1 статьи 14 Закона Республики Казахстан «Об автомобильном транспорте» и приказом исполняющего обязанности Министра по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 25 августа 2015 года № 883 «Об утверждении Правил субсидирования за счет бюджетных средств убытков перевозчиков, связанных с осуществлением социально значимых перевозок пассажиров» (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под № 12353) Мангыстауский областной маслихат РЕШИЛ:

1. Определить перечень социально значимых автомобильных сообщений по Мунайлинскому району подлежащих субсидированию в 2023-2025 годах согласно приложению к настоящему решению.
2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Приложение к решению маслихата Мангыстауской области от «__» _____ 2023года № _____

Перечень социально значимых автомобильных сообщений по Мунайлинскому району подлежащих субсидированию в 2023-2025 годах

№	Номер маршрута	Наименование маршрута
1	№13А	«Мангыстау-Даулет-Қызылтөбе»

